



Астана, Парламент Мәжілісі

201__ жылғы “_____” _____

№ _____

Астана, Мажилис Парламента

«_» _____ 201__ года

№ _____

2012 жылдың 31 мамырында жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К.Қ. Мәсімовке**

Депутаттық сауал

Құрметті Кәрім Қажымқанұлы!

Еңбек — адамға өзінің тұтынушылығын кешенді қамтамасыз ететін қоғам әрекетінің негізгі формасы, өйткені, әрбір азамат осы ресурстың негізінде рухани және материалдық игілікке жетеді.

Соңғы кездері еліміздің жер-жерінде орын алған әлеуметтік-еңбек дауларының салдары қазақстандық қоғамды дүр сілкіндіріп, көпшілікті ойға қалдырды.

Бұлай деуімізге, еліміздің ірі-ірі өндіріс орындарында болған жайсыздықтар дәлел. Жаңаөзен, Қызылорда, Жезқазған өңірлерінде орын алған әлеуметтік-еңбек даулары мәселенің мәнісіне тереңірек үңілу қажеттігін көрсетті. Оған қоса, кейбір кәсіпорындарда аталмыш жағдай жасырын, латентті формаға ие. Бұл – бүгінгі күннің ақиқаты.

Мұндағы ең негізгі мәселе, біздің елімізде бүгінге дейін әлеуметтік-еңбек дауларының туындауы жайында бір жүйеге келтірілген **зерттеулер** болмауына келіп тіреледі.

Ал, бұл әлеуметтік даулардың қайда, қалай және қашан туындауы мүмкін екендігі жөнінде нақты мәлімет алуға кедергі. Сол себептен ең бірінші кезекте өте жоғары деңгейде еңбек-әлеуметтік қатынастар мәселесі бойынша **бүкілқазақстандық кешенді зерттеулерін жүргізу қажеттігі заман талабы**. Осындай кешенді әмбебап зерттеулер келесідей басымды бағыттарды - іріктеу жүйесі мен жалдау, мотивациялық пакет, оқыту жүйесі, қызмет баспалдағы, еңбек дауын шешу жүйесі - медиация, кәсіподақтармен жұмыс (ұжымдық келісім-шарт), бірлескен мәдениет және т.б. қамтуы тиіс.

Тіпті, жұмысшылар тарапынан түсетін арыз-шағым, өтініштерді жан-жақты қарастырып, дер кезінде бақылауға алынып, сараптама жасап, мән-жайын анықтауға күш салатын **орталықтар қажет**.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі бойынша ұжымдық келісім шарт жасауға мүмкін болса да, бірде-бір жұмыс беруші іс жүзінде қатардағы жұмысшылармен келісім шарттың бұл түрін жасамайды. Сондықтан, еңбек дауында бүкіл ұжымның мүддесі жатса да, заң бойынша жекелеген адамның мәселесі ретінде ғана қарастырылады.

Осы орайда жүздеген адам жұмыс істейтін шағын мекемелерден бастап он мыңдаған адам еңбек ететін алып компаниялардағы жұмыс беруші, кәсіподақтар қарапайым жұмысшының қарым-қатынасын бақылап, оларға бағыт-бағдар беретін **Орталық үйлестіруші органның** құрылуы ауадай қажет.

Ең маңыздысы, Қазақстанның еңбек туралы заңнамасы реформаны қажет етеді. Еңбек даулары мен жанжалдарын шешетін тәуелсіз институт құру қажет. Бұл мәселеге баса назар аударатын кез жетті! Ол үшін әлемдік, әсіресе, еуропалық, солтүстік америкалықтардың тәжірибесіне неге сүйенбеске.

Еуропалық мемлекеттердің басым көпшілігінде еңбек дауын шешумен айналысатын мемлекеттік деңгейде арнайы комиссиялар құрылған. Мәселен, Ұлыбританияда кеңес беру

қызметі, Ирландияда еңбек қатынастары жөніндегі комиссия, ал Финляндияда әлемдік делдалдардың Ұлттық бюросы қызмет етеді.

Аталмыш мысалдардың Қазақстанда да жүзеге асырылуына толық негіз бар. Себебі бүгінгі таңда мемлекетіміз әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарына енді. Ендеше, еңбек қатынастары жөнінде де біз алдыңғы қатарлы елдер дәрежесінде болуымыз қажет.

Жоғарыда аталған мәселелерді негізге ала отырып, «әрбір жұмысшының мүддесін қорғау – мемлекеттің және қоғамның міндеті» деген міндетке жету мақсатында:

1. Еңбек жөніндегі заңнамаларды жетілдіру, әлеуметтік-еңбек дауларының алдын алу мен болдырмау механизмдерін қарастыру керек;
2. Еңбек қатынастарын реттейтін және еңбек дауларын шешуге мемлекеттік құзыры бар **Орталық үйлестіруші органның құрылуы өзекті және қажет деп ойлаймын. Орталық үйлестіруші органның мүшелері болып сарапшылар, конфликтологтар, еңбек жұмысшылары, азаматтық қоғам институттары, Үкімет пен кәсіподақ, уәкілетті органдар мен түрлі қауымдастықтың өкілдері кіруге құқылы.**

Осы шаралар Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еліміздегі қоғамдық тұрақтылықты сақтау, әлеуметтік өрлеу саясатының құрамдас бөлігі деп ойлаймыз.

Осыған орай, депутаттық сауалды назарсыз қалдырмай, жіті бақылауға алып, қажет болса, Үкімет отырысында да талқылап, сауал нәтижесін белгіленген тәртіппен жазбаша түрде беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**«Ақ жол» партиясының
парламенттік фракциясының
депутаттары**

С. Сарсенов

А. Әбілдаев

А. Тұртаев